


САЙЫН МҰРАТБЕКОВ «ҚЫЛАУ» ӘНГІМЕСІ (6-сынып)

| | | |
|------------------------------|---|---|
| Тақырыбы | С.Мұратбеков «Қылау» әңгімесі | |
| Мақсаты: | С.Мұратбеков туралы түсінік беру, қылау сөзінің мағынасын ашу. «Қылау» әңгімесінің мазмұнын меңгерту. Шығарманың композициялық құрылысына әдеби-теориялық талдау жасату арқылы оқушылардың тілдік сөйлеу-талдау дағдысын дамыту. | |
| Күтілетін нәтиже: | А. С.Мұратбеков туралы түсінік алады, «Қылау» әңгімесінің мазмұнын меңгереді. Төмен мәртебелі сұрақтарға жауап береді. Дыбыстарды сөйлетіп жазады. | |
| | В. Әңгіме мазмұнын жетек сұрақтар арқылы өз сөзімен баяндайды. Әңгіменің құрылысына әдеби-теориялық талдау жасайды. Венн диаграммасы бойынша Сатай мен Қожаны салыстырады. | |
| | С. Шығармадағы тұрақты тіркестердің мәнін ашады, өздік сыни бағасын береді. Концептуалдық кестені толтырады. Блум таксономиясы бойынша анализ, синтез деңгейіндегі сұрақтарға жауап береді. | |
| Дереккөздер, құрал-жабдықтар | Қазақ әдебиеті. 6-сынып. Қазақ тілі түсіндірме сөздігі. Жұмыс парағы. ҚРБҒМмен келісілген бейне сабақ С.Мұратбеков «Қылау». Интербелсенді тақта. Стикерлер. Н.А.Оразахынованың Сатылай кешенді талдау технологиясы. СТО технологиясының стратегиялары. | |
| Сабақтың барысы: | Мұғалім әрекеті | Оқушы әрекеті |
| Кіріспе | <p><i>1. Тұлға аралық байланысты орнату.</i></p> <p>Сыныппен амандасу, топқа бөлу.</p> <p><i>2. Алдыңғы сабақты қысқаша қайталау.</i></p> <p>«Ой қозғау» стратегиясы.</p> <p>1. Балалар, біз өткен сабағымызда Ш.Мұртазаның «Тұтқын бала» әңгімесін оқып тамамдадық. Әңгіме кім туралы?</p> <p>2. Тұрар кім?</p> | <p>1. Сынып оқушылары «Ханталапай» асық ойыны бойынша топқа бөлінді.</p> <p>2. Оқушылар сұрақтарға жауап береді.</p> |
| Тұсауке сер | <i>Сабақтың тақырыбын білдіретін мәселелер.</i> | <p>Қылау – Сілбілеп, үшқындап түскен ұлпа қар. Ауыспалы. Шашқа түсе бастаған ақ. Қылау шалды.</p> <p>Қылауы түспеген – жап-жаңа, судай жаңа өткір.</p> <p>Қылаусыз – кіршіксіз.</p> |

| | | |
|---------------|--|--|
| | <p>1.С.Мұратбеков туралы түсінік береді. 2.«Қылау» сөзінің мәнін ашу. 3.С.Мұратбеков «Қылау» бейне сабақ You Tубетен онлайн көрсету.</p> | |
| Негізгі бөлім | <p>1.«Түртіп алу» стратегиясы.</p> <p>2.Табыстылық талдауда. «Қылау» әңгімесіне композициялық құрылысына талдау.</p> | <p>Оқушылар дәптерге жазады. Дөнен – үштен асып төрт жасқа толмаған жылқы Доға – атты арба не шанаға жеккенде, екі жақ шеті қамыттың құлақ бауын ұстап, бекітіп тұратын доғалдана иілген ағаш сайман. Тоқым – аттың арқасына ер батпас үшін сыртын мата не былғарымен қаптап айнала шетін көмкеріп,киізден жасалған ер-тұрман жабдығы. қамшы – қайыстан өрген, тобылғы сабы бар, көлік жүргізу үшін пайдаланатын құрал. Қыбы қанып жататын сияқты – рахаттану Пима - жүннен басылған қысқы аяқ киім Шәугім – шай қайнататын тұтқалы кіші ыдыс. Ішік – іш жағы аңның терісінен тігіліп, сыртын матамен тыстаған жылы сырт киім. Төбе құйқасы шымырлап кетті – қорку Жүрегі суылдап – қорқыныш Сиырқұйрық - басы шошақ ұзын курай.</p> <p style="text-align: center;">«Қылау» әңгімесі</p> <p>1.Авторы: - С.Мұратбеков 2.Тақырыбы: - адамгершілік, қайырымдылық, балаң сезім. 3. Жанр түрі: - әңгіме 4. Идеясы: - Сатай мен Рабиға арқылы таза нәзік балаң сезімді, адал достықты, адамгершілікті, қайырымдылықты көрсету. Немесе балалар арасындағы достық. 5. Шығарманың композициялық құрылысы: 5.1. Басталуы: Сатайдың жолға шығуы. 5.2. Байланысуы: Сатайдың өмір мен өлім туралы ойлауы. 5.3. Дамуы: Сатайдың Рабиғаны кездестіруі. 5.4. Шиеленісуі: Сатай мен Рабиға арасындағы әңгіме. 5.5. Шарықтау шегі: Сатайдың қорқынышы 5.6. Шешімі: Рабиғаның сыйлығы.</p> <p>6. Кейіпкерлер бейнесі: Жағымды кейіпкер – Сатай мен Рабиға Жағымсыз кейіпкер – жоқ.</p> |

| | | |
|--|--|--|
| | <p>3. Жоғары және төмен мәртебелі сұрақтар себеті. БЛУМ таксаномиясы</p> <p>4. Дыбыстар сөйлейді.</p> <p>5. Венн диаграммасы. <i>Қожа мен Сатайды салыстыр.</i></p> <p>6. Концептуал</p> | <p>Тәрбиелік мәні: бір-бірімен адал дос болуға, адамгершілікке үндейді.</p> <p>7. Әдеби –теориялық ұғымдар:</p> <p>Теңеулер – шақырған тауықтай, ағаш балғамен ұрғандай, темірше қариды, айнадай, биік өкшелі киімі сияқты, жүзі отқа қақтағандай, тауы қаңбақтай, тасы бұршақтай, шегендей, оқтай.</p> <p>Тұрақты тіркестер: Төбе құйқасы шымырлап кетті, жүрегі суылдып, қыбы қану.</p> <p>Пейзаж: Күн бұлыңғыр. Жер жүзі әлі ашыла қоймапты. Суық боз тұман басып тұр. Сәл ғана ызғырық еседі. Танауды қусырған шыңылтыр ызғырық. Болар-болмас қар қылаулап тұр.</p> <p>Портрет. Жол шетінде бүрісіп тұрған, қолында тырсия толған портфелі бар. Бет-аузы көкпеңбек. Жұқа пальтосынан бүкіл өне бойының діріл қаққаны байқалады. Аяғында етік екен....Әдемі пісте мұрны қызарып, үңгір түбінен жылтырағандай боп көздері ғана көрінеді. Алған демі суық ауаға түтінше бұркырап шығады.</p> <p>Жоғары және төмен мәртебелі сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Білім: Әңгіме неліктен «Қылау» деп аталған?</p> <p>Түсінік. Өмір мен өлім туралы Сатайдың ойлануына не түрткі болды, оны ненің белгісі деп түсінуге болады?</p> <p>Қолдану. Сатайдың сезімталдығы мен қайырымдылығын қандай әрекеттерінен байқауға болады?</p> <p>Анализ. Сатай Рәбиғаға деген алғашқы балаң сезімін қалай білдіреді.</p> <p>Синтез. Сатайдың Рабиғаны қайта іздеп баруына не себеп болды деп ойлайсың?</p> <p>Мәртебесі төмен дәрежелі сұрақтар.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Таң азанғы әке даусы Сатайдың құлағына неге жағымсыз естілді? 2. Әке ақылы Сатайды неге ызаландырды, сендер де ересектердің ақыл сөзін солай қабылдайсыңдар ма? 5. Рәбиғамен келе жатып қасқырды көргенде Сатайдың айқайға басуы оның батылдығы ма, мақтаны ма, не деуге болады? 6. Орынсыз мақтанды сүймейтіндігіне Сатайдың қай әрекеті дәлел? <p>1-топ</p> <p>4. Дыбыстар сөйлейді. Дыбыстарды сөйлетіп жазады.</p> <p>С – сыпайы, сезімтал А – ақылды, адамгершілігі мол, арам ойы жоқ. Т – тәрбиелі, тәртіпті. А – ақкөңіл, арлы. Й – инабатты (парасатты)</p> |
|--|--|--|

| | | | | | | | | | | | | | | |
|------------------|---|---|-----------------|---------------------|---------------|-----------------|-------|--|--|--|--------|--|--|--|
| | <p>дық кесте.</p> | <p>2-топ. 5. Венн диаграммасын толтырады.</p>  <p>3-топ. Концептуалдық кестені толтырады.</p> <table border="1" data-bbox="660 448 1374 636"> <tr> <td>Кейіпкер</td> <td>Өмірге қызығушылығы</td> <td>Адамгершілігі</td> <td>Кейіпкерге баға</td> </tr> <tr> <td>Сатай</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Рәбиға</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table> | Кейіпкер | Өмірге қызығушылығы | Адамгершілігі | Кейіпкерге баға | Сатай | | | | Рәбиға | | | |
| Кейіпкер | Өмірге қызығушылығы | Адамгершілігі | Кейіпкерге баға | | | | | | | | | | | |
| Сатай | | | | | | | | | | | | | | |
| Рәбиға | | | | | | | | | | | | | | |
| <p>Қорытынды</p> | <p>Бағалау. Үйге тапсырма. Сыни баға: Өңімені жалғастырып, өз ойыңмен аяқта</p> | <p>Жұмыс парағындағы жинаған рубрикатор баллы бойынша бағаланады. Формативті бағалау. Рефлексия. Екі жұлдыз, бір ұсыныс.</p> | | | | | | | | | | | | |

Жұмыс парағы

Аты-жөні: _____

С.Мұратбеков «Қылау» әңгімесі

| 1 | Талдау – табыс кілті. «Қылау» әңгімесіне композициялық құрылысына талдау | Рубри катор |
|---|---|----------------|
| | 1.Авторы: - _____ | 1 |
| | 2.Тақырыбы: - _____ | 1 |
| | 3. Жанр түрі: - _____ | 1 |
| | 4. Идеясы: - _____ | 1 |
| | 5. Шығарманың композициялық құрылысы: | |
| | 5.1. Басталуы: _____ | |
| | 5.2. Байланысуы: _____ | 1 |
| | 5.3. Дамуы: _____ | 1 |
| | 5.4. Шиеленісуі: _____ | 1 |
| | 5.5. Шарықтау шегі: _____ | 1 |
| | 5.6. Шешімі: _____ | 1 |
| | 6. Кейіпкерлер бейнесі: | |
| | Жағымды кейіпкер – _____ | 1 |
| | Жағымсыз кейіпкер – жоқ. | 1 |
| | Тәрбиелік мәні: _____ - _____ | 1 |
| | 7. Әдеби –теориялық ұғымдар: | |
| | Тенеулер – _____ _____ | 2 |
| | Тұрақты тіркестер: _____ | 1 |
| | Пейзаж: _____ _____ | 2 |
| | Портрет. _____ _____ | 2 |
| 2 | Жоғары және төмен мәртебелі сұрақтар себеті. | |
| | Білім: Әңгіме неліктен «Қылау» деп аталған? | 1 |
| | Түсінік. Өмір мен өлім туралы Сатайдың ойлануына не түрткі болды, оны ненің белгісі деп түсінуге болады? | 1 |

| | | |
|--|---|---|
| | Қолдану. Сатайдың сезімталдығы мен қайырымдылығын қандай әрекеттерінен байқауға болады? | 1 |
| | Анализ. Сатай Рәбиғаға деген алғашқы балаң сезімін қалай білдіреді. | 1 |
| | Синтез. Сатайдың Рабиғаны ғайта іздеп баруына не себеп болды деп ойлайсың? | 1 |
| | Таң азанғы әке даусы Сатайдың құлағына неге жағымсыз естілді? | 1 |
| | Әке ақылы Сатайды неге ызаландырды, сендер де ересектердің ақыл сөзін солай қабылдайсыңдар ма? | 1 |
| | Рәбиғамен келе жатып қасқырды көргенде Сатайдың айқайға басуы оның батылдығы ма, мақтаны ма, не деуге болады? | 1 |
| | Орынсыз мақтанды сүймейтіндігіне Сатайдың қай әрекеті дәлел? | 1 |

1-топ. Дыбыстар сөйлетіп жаз. (3 балл).

С – _____


А – _____

Т – _____

А – _____

Й – _____

2- топ. Венн диаграммасы. Қожа мен Сатайды салыстырып жаз (3 балл)



3-топ. Концептуалдық кестені толтыр (3 балл).

| Кейіпкер | Өмірге қызығушылығы | Адамгершілігі | Кейіпкерге баға |
|----------|---------------------|---------------|-----------------|
| Сатай | | | |
| Рәбиға | | | |

Рефлексия. Екі жұлдыз, бір ұсыныс.

Сабақта ұнады 1 _____

2 _____

Ұсыныс _____

Балл: 10-17 балл – «3»,

18 – 30 балл – «4», 3

1 – 37 балл - «5»

Баға _____

